



**Автор:** Жумабаева Кенжеш Тагибергеновна  
**Пән:** Қазақ тілі (Т1)  
**Сынып:** 6-сынып  
**Бөлім:** Спорт. Белгілі спорт жұлдыздары  
**Тақырып:** Олимпиада ойындары

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	6.2.1.1 мәтіннен негізгі және қосымша, детальді ақпаратты анықтау, түсіндіру; 6.4.4.2 етістіктің түрлерін ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану;
Сабақтың мақсаты:	оқылым мәтінінен негізгі және қосымша, детальді ақпаратты анықтап, түсіндіреді; етістіктің түрлерін ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолданады
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар орындай алады: олимпиада ойындарының түрлеріне байланысты негізгі, қосымша, детальді ақпаратты тауып жазады, анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырады. Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: олимпиада ойындары, эмблема, атлет, символ, бес сақина, олимпиада оты Диалог құруға арналған пайдалы тіркестер: Ежелгі Грекия, Кронос тауы, Алфей өзені, Пьер де Кубертон Талқылауға арналған сұрақтар: • Олимпиада ойындарының маңызы неде деп ойлайсыздар? • Ұлттық ойындарымыздың қайсысын олимпиада ойындарына қосуды ұсынар едіңіздер?
Құндылықтарды дарыту:	Ұлттық спорт өнерін сүйеге, спорт түрлерін дәріптеуге, спорт түрлерінің қажет екенін түсіндіру, еңбек сүйгіштікке баулу, салауатты өмір салтын қалыптастыруға тәрбиелеу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	видео, презентация, аудио, интербелсенді тақта
Пәнаралық байланыс:	музыка, денешынықтыру

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Сәлемдесу. Психологиялық ахуал қалыптастыру: Сынып реттілігін қадағалау. Оқушыларды түгелдеу. Оқу құралдарын байқау. Бір-бірімізді тыңдаймыз десек 1 рет қол шапалақтаймыз! Ұйымшыл боламыз десек 2 рет Белсенділік танытамыз десек 3 рет шапалақтаймыз! «Таныс заттар» әдісі арқылы сыныпты 3 топқа бөлемін. Әр оқушы бір затын мұғалімге ұсынады. Мұғалім сол заттарды араластырып әр топқа тастайды. Балалар өз заттарын тану арқылы сол топқа келіп отырады. 1-топ «Спорт» 2-топ «Денсаулық» 3-топ «Күрес»	кеспелер

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p>«Автор орындығы» әдісі бойынша үй жұмысын тексеру Оқушылар өз қалаулары бойынша автор орындығына шығып(әр топтан бір оқушы) үй жұмысын оқиды. Өзге топтағылар дұрыс немесе бұрыс екенін айтады. ҚБ. Алтын, күміс, қола медальдар арқылы (қате санына қарай есептеледі) Оқылым алды тапсырмасы: СЖ. Оқылым алды. «Болжау» әдісі «Чемпиондар »әні арқылы сабақ тақырыбын болжату. Ендеше, біздің бүгінгі тақырыбымыз «Олимпиада ойындары» Сабақ мақсаты мен бағалау критерийлеріне тоқталу. ТЖ. Оқылым кезеңі. Мәтінді оқып, I топ негізгі , II топ қосымша , III топ детальді ақпараттарды тауып жазып, түсіндіру. Дескриптор : -Мәтінді түсініп оқиды; - негізгі, қосымша, детальді ақпараттарды ажырата алады. ҚБ. «Бірін бірі бағалау» әдісі Топтар «Өте жақсы», «Жақсы», «Орташа» деген сөздер арқылы сағат тілі бағытымен бағалайды. Оқылымнан кейін ЖЖ . Қолдану. «Аяқталмаған сөйлем» Мәтіннен сөйлемнің жалғасын тауып, етістіктіктерді жасалу жолына және құрамына қарай талдаңыздар. • Отты өшіру ойынның аяқталғанын ...(білдіреді). • Олимпиада ұраны үш латын сөзінен құралып, «тезірек, биігірек» деген мәнде ...(жұмсалады) • Ежелгі Грекия Олимпиада ойындарының отаны деп... (саналады) • Прометейдің сыйға берген оты Грекияның қасиетті жерлерінде үнемі...(жанып тұрады) Дескриптор: - етістіктерді жасалу жолына қарай талдай алады; -етістіктерді құрамына қарай талдай алады; ҚБ. «Жұдырық- алақан» әдісі бойынша өзіндік бағалау. (Толық түсінсе- алақандарын ашады, жартылай түсінсе- үш саусақтарын көрсетеді, түсінбесе -жұдырықтарын түйеді) Жеке жұмыс «Төрт сөйлем» тәсілі. 1. Пікір. Оқыған мәтін бойынша өзіндік пікірін бір сөйлеммен жазады. 2. Дәлел. Өз пікірін бір сөйлеммен дәлелдейді. 3. Мысал. Пікірін өмірмен байланыстырып, мысал келтіреді. 4. Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды шығарады. ҚБ «Мұғалімнің бағалауы» - «Жарайсың!», «Өте жақсы!», «Керемет жауап!», «Жақсы!», «Әлі деойлан!», «Талпын!» сөздерімен ауызша мадақтау;</p>	ән, интербелсенді тақта
Сабақтың соңы	<p>«Шеңбердегі доп» Оқушылар топта отырып бір – біріне допты лақтырады. Доп қолына тиген оқушы сабақ туралы бір сөйлем айтады. Мұғалім сабақ мақсаты , оқушылар қатысымы туралы кері байланыс береді. Үйге тапсырма: 11-жат(132-бет)</p>	доп, медаль, кубок
Рефлексия	сабақ мақсатына жетті. Белгіленген уақыттан ауытқу болмады.	